

Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы ұжымы
қызметкерлерімен өткізілген жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

20.09.2024 ж

№4

Жаңақорған кенті.

ҚАТЫСҚАНДАР: Емдеу және алдын алу ұйымдарының басшылары, бөлім меңгерушілері, аурухана заңгері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Мекеме заңгері Ж.Ашимов – күн тәртібіндегі мәселеге орай медицина қызметкерлеріне мемлекеттік қызметкерлер мен еліміздің азаматтары сыбайлас жемқорлық үшін әлеуметтік және қылмыстық жауапкершілікті түсінуі қажет екенін жеткізе келе, Қылмыстық жауапкершілік пара беру, алу, делдалдық, жәрдемдесу және пара беруге арандату үшін көзделген жауаптылықты айтты. Атап айтқанда Лауазымды адамға пара бергені үшін (ҚР Қылмыстық кодексінің 367 – бабы) 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген (егер пара аса ірі мөлшерде болса-бұл 10 мың АЕК-тен астам), сондай-ақ мүлікті тәркілеу, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру, әскери атақтардан, сыныптық шендерден, мемлекеттік наградалардан айыру және т. б. сияқты елеулі айыппұлдар мен қосымша санкциялар қарастырылғанын медицина қызметкерлер назарына жеткізді.

Қорыта келе: Мекемеде медициналық қызметтер көрсету кезінде заң талаптарын сақтай отырып пациенттерге сапалы қызмет көрсетіп, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу керектігін қатаң ескертті.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Ж.Ашимов

Р.Серикбаев